ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 5 қыркүйек №5265-24-00-2/2424 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Али-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Али-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Али-Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 223 600 (екі жүз жиырма үш мың алты жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 8 554 (сегіз мың бес жүз елу төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 05.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 03.11.2024

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 05.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Сатыбалдиева А. К., 03.11.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -